

"Женіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өндеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылымды индустриясында тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағында/аумағынан тыс қайта өндеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өндеудің шарттары туралы құжатты беру" мемлекеттік қызметті көрсетудің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 219 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 91 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 22 ақпанда № 26895 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1."Женіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өндеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылымды индустриясында тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағында/аумағынан тыс қайта өндеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өндеудің шарттары туралы құжатты беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 219 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20482 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Женіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өндеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылымды индустриясында тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағында/аумағынан тыс қайта өндеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өндеудің шарттары туралы құжатты беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің қағидаларында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілген қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қарауды жоғары тұрган әкімшілік орган, женіл, тау-кен металлургиясы, химия, фармацевтика, ағаш өндеу өнеркәсібі салаларында, сондай - ақ машина жасау және құрылымды индустриясы саласында басшылықты жүзеге асыратын лауазымды адам (бұдан әрі-уәкілдік орган) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдік органға жүргізеді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес шағым әкімшілік органға және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған әкімшілік орган, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған әкімшілік орган, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес: уәкілетті орган - оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган - ол тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер занда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

12-тармақ алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрі

K. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі